

Қазақстан Республикасы мемлекеттілігінің біртұтастық тұжырымдамасы

Орындағандар:

Кудайкулов Юсуф

Иса Аружан

Жарылқасынова Аружан

Өмірбекова Маржан

Боранбаев Иса

Бектас Өркен

Жоспар

1. ҚР ұлттық саясат тұжырымдамасы.
2. Негізгі бағыттары.
3. Негізгі ұстанымдар.
4. Басты мақсаттар
5. Басты міндеттер
6. Тұжырымдаманың орындалу кезеңлеры



ҚР мемлекеттілігінің біртұтастық тұжырымдамасы

Бұл, елімізді мекендеген барлық азаматтардың, олардың ұлттық діни өзгешіліктеріне қарамастан, бірлікте татулықта өмір сүріп, тәуелсіздікті сақтауға, нығайтуға, әділеттілікті сақтауға үлес қосуын басты мақсат еткен негізгі құжат. “ Қазақстан халық ассамблеясы” әзірлеген “Ұлт Бірлігі” доктринасымен қатар талқылауға ұсынылады. Тұжырымдама ұлттық мемлекетті қалыптастыру, қоғамды құру бағытындағы негізгі ұстанымдар мен негізгі өзекті мақсат-міндеттердің жиынтығы болып табылады. Тұжырымдама ҚР конституциясына, ҚР заңдарына, дүниежүзілік құқық талаптарына негізделіп дайындалады.

Негізгі бағыттары

Қазақстан жаңа геосаяси, геоэкономикалық жағдайда ұлттық мемлекет ретінде ерекшеліктерін сақтай отырып, осы бағыттар бойынша тұжырымдаманы қабылдады.

1. Саяси-құқықтық бағыты
2. Сыртқы саясат бағыты
3. Экономикалық және әлеуметтік бағыт
4. Тәрбие, білім, ғылым бағыты
5. Ақпараттық бағыты
6. Тіл және дінаралық бағыты



Негізгі ұстанымдар


Бұл тұжырымдаманың басты ұстанымы - ұлттық құндылықтар негізінде Қазақ елінің экономикалық, саяси, рухани тәуелсіздігін, ел қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, жердің біртұтастығын мәңгі сақтауға, жер байлығын, ұлттық байлығын тек халық игілігіне жұмсап, халықтың әлеметтік жағдайын үнемі жақсартып отыруға міндеттеу.

“Мемлекеттік тілді білу әрбір азаматтың міндеті”
ҚР территориясында тұрып жатқан этностық топтар, мемлекеттің және біртұтас азаматтық қауымдастықтың бөлігі болып табылады. Сондықтан мемлекеттің негізгі ұстанымы және міндеті ҚР азаматтарына мемлекеттік тілді қоғамдық өмірдің барлық саласына қолданылуына қажеттілік тудыру.



Басты мақсаттар

ҚР мемлекеттілігінің біртұтастығының ең басты мақсаты - байырғы қазақ жерінде құрылған ұлттық мемлекетті сақтау және нығайту, және осы мақсат барысында :

1. ҚР өзге ұлтты азаматтарын қазақ ұлтының маңына топтастыру, тәуелсіздік пен егеменділігімізді мәңгілік болуын қамтамасыз ету.
 2. Қазақ ұлтының тарихи жадын, тілін, дінін сақтау және жан-жақты дамыту.
 3. ҚР территориясындағы барлық этностық топтардың өз тілімен мәдениетінің дамуына шек қоймай, олардың ортақ отаны ҚР-на адал қызмет етіп, оған деген сенімін арттыру.
- 

Басты міндеттер

1. Қазақстанда Республикасы қоғамының негізгі ұлттық құндылықтарын қалыптастыру және дамыту.
2. Қазақ тілін шын мәніндегі мемлекеттік тіл деңгейіне жеткізіп, оны барша Қазақстан азаматтарын біріктіретін факторға айналдыру.
3. Этросаралық және дінаралық саладағы мемлекеттік органдар мен азаматтық қоғам институттарының өзара тиімді қарым-қатынастарын қамтамасыз ететін жүйе қалыптастыру.



Тұжырымдаманың орындалу кезеңдері


1ші кезеңде ҚР Үкіметі арнайы бағдарлама өабылдайды. Оған қосымша жоспарда, нақты іс шаралардың, қажетті заң жобалардың тізімі, жауапты орындаушылар мен орындау мерзімдері көрсетіледі.

2ші кезеңде қажетті заң жобалары ҚР Парламентінің қарауына жіберіліп олардың қабылдануы қамтамасыз етіледі.

3ші кезеңде ҚР Үкіметі тұжырымдаманы орындауға бағытталған нормативтік, құқықтық құжаттардың кешенін бекітіп оларды атқара бастайды.



ҚР Үкіметі жылыны бір рет осы тұжырымдаманың орындалуы туралы Ұлттық есеп дайындап, жариялап отырады.



Назарларыңызға
рахмет